

**Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 22-бөліміне № 19 қосымшаға өзгеріс енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 1 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 57-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 20-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 22-бөліміне № 19 қосымшадағы мына позиция алып тасталсын:

07.195		11042	103-79-7	1 - Фенилпропан -2-он	1-Phenylpropane-2-one	Benzyl methyl ketone
--------	--	-------	----------	-----------------------------	-----------------------	----------------------

2. Осы Шешім Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің Кеден одағының "Тағамдық қоспалардың, хош иістендіргіштердің және технологиялық қосалқы заттардың қауіпсіздік талаптары" (КО ТР 029/2012) техникалық регламентіне тиісті өзгеріс енгізу көзделетін шешімі күшіне енген күннен бастап, бірақ ерте дегенде осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасы Төрағасының міндетін  
уақытша атқарушы*

*К. Минасян*